

Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 12/110 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 23/219 шешімі. Қарағанды облысының Әдiлет департаментінде 2024 жылғы 3 қыркүйекте № 6645-09 болып тіркелді

Аудандық маслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 12/110 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6511-09 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

7-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Осакаров ауданының мектепке дейінгі білім беру үйымдарында тәрбиленетін және оқытын мүгедектігі бар балалар және балалары бар көп балалы отбасыларға жартышылдықта бір рет 50% мөлшерінде ата-ана журналарына шығындарды өтеуге";;

7-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңының 3 -бабының 1 тармағына сәйкес ардагерлерге табыстарын есепке алмай, жылына бір рет, 14 күннен аспайтын санаторий-курорттық емдеуге мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген санаторий-курорттық емдеуге кепілдендірілген сомасынан аспайтын жұмсалған шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек көрсету;

мүгедектігі бар балалардың ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдармен еріп жүретін адамдарға санаторий-курорттық емдеуге жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, бір рет санаторлық-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

К. Саккулаков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК